

ҚАЗАҚСТАН ЭТНОСАРАЛЫҚ КЕЛІСІМ МЕН ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫҢ ҮЛГІСІ ЖӘНЕ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Қарғаев Қ.А.¹,

¹Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ аға оқытушы,
Алматы, Қазақстан, kargaev.k@mail.ru

Досжанова А.И.²

²Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ
аға оқытушы, магистр

Алматы, Қазақстан, akmaral.doszhanova@mail.ru

Аңдатпа. Авторлар мақалада этносаралық келісімнің ел дамуындағы орны мен рөліне талдау жасайды. Толеранттылық ұғымының мәніне тоқталады. Қазақстанның ұлтаралық келісім үлгісі ретіндегі рөлі талданады. Этносаралық қарым-қатынастар қоғам мен мемлекеттің тұрақты дамуын қамтамасыз ететін басты фактор болып табылады. Қазақстан тәуелсіздігін жариялаған 30 жылдық дамуына зер салсақ, елімізде ксенефобиялық көзқарастардың болмағандығын көреміз.

Тірек сөздер: Ұлттық құндылықтар. Рухани жаңғыру. Қазақстандық патриотизм. Этносаралық келісім. Толеранттылық. Ұлтаралық келісім мен тұрақтылық. Конфессия.

Еліміздің тәуелсіздігін алғанына міне биыл 29 жылға жуықтады. Осы жылдар аралығында елдегі саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени өзгерістер жалпы даму жүйесіне игі әсерін тигізіп, соның нәтижесінде әлемнің дамыған 50 елдің қатарындағы қазіргі қазақстандық қоғамды қалыптастырды. Қазіргі Қазақстандық дамуы үлгісі дегеніміз экономикасы мен әлеуметтік деңгейі біршама жоғарыға көтерілген және этносаралық татулық пен бірлікке қол жеткізген толерантты мемлекет. Бұл - елдегі жүріп жатқан реформалар мен модернизациялық даму процесінің алғы шарттарының бірі. Әлемдік практикада мойындалған құндылық бар. Ол – елдің тыныштығы мен бірлігі, ынтымағы, келісімі. Бұл өз кезегінде тұрақтылыққа негіз болады. Елдің тыныштығы, бірлігі, тұрақтылығының нығаюы сол халықтың өмір сүруі мен менталды мінезінің көрінісі. Яғни қоғамның жалпы және саяси мәдениетінің деңгейі. Сол деңгейді қалыптастырудың қайнар көзі – елдік сана, отаншылдық рухтану, жаңашылдық пен мемлекетшілдік қалыптастыру. Толеранттылық қоғам орнату кез келген мемлекеттің мақсаты мен мұраты. Бұған қол жеткізу аса қиын әрі күрделі екендігі қазіргі халықаралық қатынастардағы ушыққан қатынастар мен қақтығыстар және тарихтағы мысалдар жеткілікті. Толеранттылық деген ұғымның мәні мен мағынасы кең ауқымды және көпқабатты, тамырлы. Бұл түсінікті бір мағынамен ашу жеткіліксіз. Толеранттылық ұғымы (лат. *tolerantia* — төзімділік, көнбістік) — басқа ойға, көзқарасқа, наным-сенімге, іс-әрекетке, әдет-ғұрыпқа, сезім-күйге, идеяларға төзімділік, жұмсақтық көрсете білу қасиеті [1]. Яғни басқаларға деген оң қатынас, сабырлылық, салмақтылық, салиқалылық, рақымдылық,

мейірбандылық, қайырымдылық деген ұғымдардың жинағы. Кез келген жағдайда мәселені қақтығыстық не кикілжіңге апармай шеше алу, не қақтығысты, жанжалды тиімді шеше білу, оны басқару не оны реттей білудің өзі бұл ұғымның мағынасын толықтыра түседі. Толеранттылық – бұл жергілікті халықтың басқа ұлт өкілдеріне және басқа діндегі адамдарға түсіністікпен қарап, олардың мәдениеті мен тілі, ділі, дәстүрі, салтының ұмытылмауына жағдай жасау, мүмкіндік беру. «Толеранттылық» ұғымының қазақ тіліндегі мәні мен мағынасы өте тереңде: ол шыдамдылық, байсалдылық, ізгілік, келісімді, ұлағаттылық, салиқалылық, жауаптылық деген мағыналарды білдіреді. Яғни қазақтың «Кісі болу» философиялық сөзінің толықтырмасын білдіреді. Толеранттылық парасатты қоғамға тән құбылыс екендігі белгілі. Мұндай құндылық ұлттың басына бір күнде орнай салмайды. Бұл біртіндеп тарихи қалыптасатын халықтың сана-сезімінің, дәстүрінің, рухани байлығының кемелденгенінің айқын көрінісі, тәжірбиесі. Осы тұрғыдан алып қарасақ, тәуелсіздігіне 30 жыл толмаған еліміз үшін үлкен жетістік екендігі ақиқат.

Жалпы алғанда әлемдік тәжірбиеге көз жіберсек, толеранттылықтың құндылық ретінде ресми мәртебеге ие болуыне көп уақыт бола қойған жоқ. «Толеранттылық туралы Декларация» 1995 жылы ЮНЕСКО-ның конференциясында айтылып бекітілді. Сол уақыттан Декларация қабылданған 16 қараша дүнижүзілік толеранттылық күні болып аталып келеді. Декларацияда төзімділік деген түсінік (толеранттылық) «біздің әлеміміздің аса бай көптүрлі мәдениетіне, өз-өзін таныту формаларына және адамның жеке даралығын көрсету әдістеріне құрметпен қарау, қабылдау және дұрыс түсіну» мағынасында көрсетілді. Декларацияға сәйкес, «адамдар табиғатынан сыртқы келбеттерімен, беделімен, сөйлеу мәдениетімен, тәртібімен, құндылықтарымен ерекшеленеді және бейбітшілікте өмір сүру, өзінің даралығын сақтап қалу құқығына ие» [2].

Елімізде ұлтаралық татулық пен келісімнің салтанат құруы – мемлекеттілікті құраушы қазақ халқының ұлттық ерекшелігі мен саяси мәдениетінің биік деңгейі десек қателеспейміз. Қазіргі Қазақстан полимәдениетті, полиэтникалы, поликонфессионалды мемлекет. Елімізде бүгінгі күні саны 130-дан астам әртүрлі этнос өкілдері мен мыңнан астам діни ағымдарды біріктіретін 18 конфессия өкілдері өмір сүріп жатыр. Қазақстандағы этносаралық қатынастарда негізінен мемлекетті құрушы, титулды ұлт Қазақ және елдегі ең ірі ұлт Орыс басымдыққа ие. Ал өзге этностарға да діни мен салт-дәстүрін жаңғыртуға барынша жағдай жасалған. Осындай ынтымақтастыққа әлемнің көптеген елдері қол жеткізе алмауда. Этносаралық қатынастарда Қазақстан – Орталық Азияда ұлтаралық татулықты сақтап, алауыздыққа жол бермеген бірден бір ел болып саналады. Елімізде 10 нан астам аз ұлттардың тілінде жастарға тәлім беретін мектептер жұмыс істейді. Бұдан басқа ел аумағында 15 ке жуық аз ұлттардың тілдерінде радиохабарлар тарайтыны белгілі. Осыдан-ақ еліміздегі өзге ұлт өкілдеріне қандай жағдай жасалғанын бағамдай беруге болады.

Қазіргі уақытта 130 ға жуық этнос өкілдері Қазақстан халқы Ассамблеясының маңайына топтасып, өзінің салт-дәстүрі мен мәдениетін дамытуда. 1995 жылы 1 наурызда құрылған Қазақстан халқы Ассамблеяның орны полиэтникалық еліміз үшін маңызы бар. Бүгінде бұл институтқа республика бойынша 800 ге жуық мәдени орталықтар кіреді.

Бұл институттың негізгі қызметіне мыналар жатады:

- этносаралық және конфессияаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік ұлттық саясатты әзірлеуге және іске асыруға жәрдемдесу;

- этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісім, мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту саласында шаралар әзірлеу мен іске асыруға қатысу;

- этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімді қамтамасыз ету мәселелері бойынша мемлекеттік органдармен және азаматтық қоғам институттарымен, сондай-ақ халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау;

- этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісім үлгісін елде және шет елдерде насихаттау [3].

Тәуелсіздіктің алғашқы онжылдығында қабылданған, мемлекеттің дамуының стратегиясы болып саналатын Қазақстан 2030 бағдарламасында Елбасы Н.Назарбаев мемлекет дамуының жеті ұзақ мерзімді басымдықтарын атап өтеді. Аталған құжаттағы жеті маңызды басымдықтардың ішінде ішкі саяси тұрақтылық пен қоғамды бірігіп нығайту міндеттері көрсетілген; олар орындалған кезде осы және алдағы онжылдықтар ішінде ұлттық стратегия жүзеге асырылатындығы туралы да айтылған.

Этносаралық келісім мен тұрақтылық – еліміздің халықаралық қатынастардағы оң имиджінің негізгі құрамдас бөлігі. Әлем Қазақстанды ішкі саяси ахуалы аса қолайлы мемлекет деп біледі. Сондықтан да әлемдегі инвесторлардың Қазақстанға келіп жұмыс істеуі, еліміздің әлемдегі инвестиция тартудың алдыңғы жиырма елдің қатарынан көрінуі осыны айғастаса керек. Сонымен бірге, елімізде этносаралық және конфессияаралық жанжалдардың болмауы - ішкі саяси тұрақтылықтың белгісін айқындай отырып елімізді 2010 жылы Еуропадағы Қауіпсіздік пен Ұнтымақтастық Ұйымына және 2011 жылы ислам мемлекеттерінің Ислам Ұнтымақтастық Ұйымына төрағалығы мемлекетті әрі аталған беделді ұйымдардың Саммиттерінің өткізілу орнын таңдау барысындағы айқын алғышарттарына айналды.

Тәуелсіздіктің отыз жылдық дамуында Қазақстан ұлтаралық және конфессияаралық үндесудің өзіндік моделін қалыптастыра алды, және оны басқа елдерге үлгі ретінде ұсына алды. Еліміздің астанасы Нұрсұлтан қаласында әр үш жыл сайын өткізілетін дәстүрлі әлемдік діндер съездерінің жалпы қорытындыларында, елдегі саясат оң бағаға ие болып «ұлтаралық татулық пен дінаралық келісімнің әлемдегі ең үздік моделі ретінде және дүние жүзіндегі бейбітшілік пен келісім аймағы» деп жарияланып жүр. Яғни еліміз 130-дан астам ұлттар мен конфессиялар бейбіт өмір сүретін бірегей мемлекет ретінде сипатталады. Қазақстанның осы қалыптасқан оң бейнесі

мен еліміздің ішкі саясатындағы тұрақтылық – биліктің бабаларымыздың ғасырлар тәжірибесіне мен дәстүріне негізделген, сабақтастық саясатының нәтижесі деп білуге болады. Басқаша айтқанда халық пен биліктің келісім диалогі деп атауға болады. Оның негізі еліміздің Конституциясында 14 бабында келтірілген: «Заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең. Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды».

Этносаралық және конфессияаралық келісімді сақтау мен нығайту жөніндегі саясат – қазіргі уақытта ғаламдық мәселелер қатарында және әлем осы мәселеге ерекше назар аударуда. Стокгольмдік әлемдегі проблемаларды зерттейтін халықаралық институттың (Stockholm International Peace Research Institute – 1964 жылы Швеция премьер-министрі Таге Эрландер ұсынысымен ашылған бейбітшілік және жанжалдар проблемасын зерттейтін тәуелсіз халықаралық институт) мәліметтері бойынша 1990 жылдардың ортасындағы әскери жанжалдардың 70 проценті ұлтаралық қатынастардан туындаған екен. Таяу және орта шығыс, оңтүстік шығыс азия елдеріндегі мысалдары жеткілікті. Посткеңестік аймақтағы Грузия, Украина, Молдова, Әзірбайжан мен Армения елдеріндегі соңғы онжылдықтағы жанжалдардың соңы неге апарғаны белгілі.

Осындай әлемдегі конфликтілік қатынастар жағдайында елімізде этносаралық және конфессияаралық қарым – қатынастар – оның қазіргі кездегі жағдайы, болашағы мемлекет саясатының ғана емес сол этностардың көкейкесті мәселесіне айналуы, көңіл аударылуы қажет. Өйткені аталған этностардың диалогі мемлекеттегі тұрақтылық пен оның үйлесімді дамуына тікелей әсер етеді. Қазақстан Республикасының Тұңғыш президентінің бастамасымен кезінде этносаралық және конфессияаралық қарым – қатынастар жүйесінің осындай «серіктестері» құрылған, олар: Қазақстан халқының Ассамблеясы мен Діни істер Агенттігі. Осы екі институттың ортақ мақсаты – елдегі конфессияаралық және этносаралық келісімнің сақталуы мен нығайтылуына ықпал ету. Сондай ақ мемлекет пен этностар арасындағы байланысты нығайтуда ҚР Президенті жанындағы Академиясының негізінде Этносаралық және конфессияаралық қатынастарды зерттеу жөніндегі орталық та құрылды. Бұл орталықтың міндеті этносаралық және конфессияаралық қарым – қатынастардың мәселелерін зерттеулерімен айналысатын болады. Сонымен қатар, орталық этномәдени бірлестіктермен жұмыс істейтін мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру. Және төзімділік пен этносаралық келісудің шетелдік тәжірибесін күрделі зерттеуімен айналысып, Қазақстанның осы саладағы жетістіктерін ішкі және сыртқы қатынастарда насихаттайтын болады.

Этносаралық және конфессияаралық қатынастарды жүйелеу мен реттеудегі еліміздің Конституциясы кепілдік береді. Сондай ақ Қазақстандықтардың діни бостандығына кепілдік беретін 2011 жылы қабылданған қайта қабылданған «Діни қызмет және діни ұйымдар» туралы

заңы. Сонымен қоса, Қазақстанда түрлі ұлттардың бейбіт қатар өмір сүруі үшін қажетті құқықтық және ұйымдық жағдайлар жасалған, «Қазақстан 2030», «Қазақстан 2050», «Ел Бірлігі Доктринасы» (2010), «Қазақстан халқы Ассамблеясы» туралы қабылданған Заңда (2008) этносаралық қатынастарды үйлестіруге бағытталған бірыңғай мемлекеттік саясаттың құқықтық қайнар көздері болып табылады. Этносаралық және конфессияаралық келісімді қамтамасыз етудің басымдықтары Президент Н.Ә. Назарбаевтың «Қоғамның идеялық ұйысуы Қазақстан прогресінің басты шарты» атты бағдарламалық еңбегінде, ҚР мемлекеттік сәйкестілігін қалыптастыру тұжырымдамасында көрсетілген. Аталған мәселелер ҚР Тұңғыш президенті, Елбасының «Тарих тоғысында», «Сындарлы он жыл» еңбектерінде, Қазақстан халқы Ассамблеясының сессияларындағы баяндамаларында және Нұрсұлтан қаласында өткізілген 2003, 2006, 2009, 2012, 2015, 2018 жылдары өткізілген дәстүрлі әлемдік діндердің съездеріндегі сөйлеген сөздерінде жан-жақты айтылған. Қазақстандағы этностар мен ұлттар арасындағы өзара байланыс пен қарым-қатынасты күшейту арқылы елімізде ұлттық ынтымағымызды нығайтып, ұлттық әлеуетімізді ұлғайтамыз. Мұны амалға асыруда Елбасы Н.Ә.Назарбаев. Қазақстан – 2030 даму стратегиясында:

- «Еліміздің барлық азаматтары үшін мүмкіндіктердің теңдігіне негізделген бірыңғай азаматтығымызды дамытатынымызға кепілдік беру;
- Этникалық түсініспеушілік себептерінің жойылуын, барлық этникалық топтар құқықтарының тең болуын қамтамасыз ету;
- Әр түрлі конфессиялар арасындағы өзара құрмет, төзімділікпен сенімді қарым-қатынастарды нығайту», сияқты стратегиямыздың құрамдас бөліктерін атап өткен болатын.

Тұңғыш президентіміз, Елбасы Н.Назарбаев: *«Сан ғасырлар бойы әртүрлі этностар мен діни нанымдардың рухани мұрасымен кемелденген Қазақстанның біртұтас халқы өн-бойына шыдамдылық, діни төзімділік және жаңалықты қабылдауға деген ашықтық секілді қасиеттерді қалыптастырған. Осынау ғасырлар бойы қалыптасқан теңдессіз қасиеттерді біз барша адамзатқа жеткізуді үлкен міндетіміз деп білеміз» - деп атап өтті.*

Тәуелсіздікті жариялағаннан бастап мемлекеттің басты мақсаты қазақстандық толеранттылық қоғамды қалыптастыру, барлық этностардың тең құқықты өмір сүруін қамтамасыз ету және мемлекетті құрушы қазақ ұлтының мемлекеттік және тарихи мәртебесін айқындау, рөлін анықтау - мемлекеттің ұлттық саясатының іргелі бағыттарына айналды. Өтпелі қоғам жағдайында мемлекеттің нақты әрі мақсатты саясатының негізінде елімізде этносаралық негіздегі қақтығыс, тұрақсыздық пен бөліну, алшақтау, оңашалану бола қойған жоқ. Бұған демократиялық жаңғыруға бағытталған қоғамды орнықтыруда ұлттардың тандау келісімі мен сұхбаттастығына қол жеткізу болды. Әртүрлі ұлттар ерекшеліктеріне қарамастан елдегі барлық азаматтарды бір мақсат, бір мүдде, бір тағдыр жолына топтастыра алу ең дұрыс жол екендігін уақыт көрсетіп берді. Бұл өз кезегінде елімізді әлемдік

қоғамдастық тарапынан жоғары бағаға ие болған этносаралық келісімнің өзіндік үлгісіне алып келді.

Үшінші мыңжылдықтағы өркениеттердің қатынасында Қазақстан әлемдік бейбітшілік пен келісімнің, ядросына біртіндеп айналып келеді. Этносаралық және дінаралық келісімді қалыптастыру, оны әрі қарай дамыту еліміздің тәуелсіздік алғаннан бері келе жатқан стратегиялық бағдары. Бұл мемлекетішілік қатынастарда ғана емес әлемдегі халықтар мен діндер арасындағы бір-біріне деген сенім мен ынтымақтастықты арттыруда өз көрінісін беруде. Қазіргі уақыттағы Сирия, Ливия, Ауғанстан, Ирак секілді тұрақсыздық орнаған, берекесі кеткен елдер, босқындар аралына айналған Еуропа елдеріндегі жағдайларға қарайтын болсақ, кез келген қатынастар мен саясатта ашықтыққа, диалогқа қол жеткізу, бірлік пен әртүрлілік түсініктері бір-біріне қайшы келмейтінін, керісінше бірін-бірі толықтыратынын еліміздегі тәжірбие дәлелдегендей. Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Сындарлы он жыл» еңбегінде былай деп жазады: «Қазақстан формальді түрде ғана емес, санасы тарихи тұрғыдағы діни төзімділікке құрылған Қазақстан халқының болмысы мен рухы бойынша, іс жүзінде де зайырлы мемлекет болып табылады». Және бүгінде әрбір қазақстандықтың қай ұлттан болғанына қарамастан, өз ана тілін оқып-үйренуі, өз халқының салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптарын сақтауы үшін елімізде барлық жағдайлар жасалынып отырғандығы елдегі ұлттар саясатының жемісі екендігін түсінеміз. Бұл конфессиялар мен этностар арасындағы өзара құрмет, төзімділік және өзара сенімділік дәлелдей түседі.

Көпэтносты Қазақстан үшін алдағы уақыттағы ең басты мақсат елдегі қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылықты сақтай отырып, тәуелсіздікті нығайту. Ол үшін ең бірінші мемлекеттің ішкі тұтастығы мен бірлігі, саяси тұрақтылық. Бұған қол жеткізу үшін елімізде өмір сүріп отырған барлық ұлттар мен этностардың құқықтық, теңдігін сақтау арқылы іске асыруға болады. Этностық теңдігін сақтай отыра, Қазақ халқының мемлекет құраушы рөлін нығайта отырып маңайына тәуелсіздік идеясымен бірегейлендіру. Осыны бағдарға алар болсақ этносаралық араздық пен қайшылықтарға жол бермей, қоғамды жіктелуден сақтауға болады. Елдегі этносаралық проблемаларды болдырмау немесе алдын алуда, этностық топтардың құқығын қорғау, этностық дамуды қамтамасыз ету қажет.

Этносаралық қарым-қатынастар қоғам мен мемлекеттің тұрақты дамуын қамтамасыз ететін басты фактор болып табылады. Қазақстан тәуелсіздігін жариялаған 30 жылдық дамуына зер салсақ, елімізде ксенефобиялық көзқарастардың болмағандығын көреміз. Алдағы уақытта төзімділік біздің халқымыздың күнделікті өмірінің дағдысына, дәстүріне айналуы керек. Сондай-ақ, біз төзімді қоғам арқылы ұлттық болмысымызды жойып алмауға ерекше мән берген жөн. Қайта керісінше толерантты қоғамды пайдаланып тілдік, ұлттық басымдылыққа жетудің жолдарын қарастырғанымыз жөн. Енді алдағы уақытта осы этникалық және діни әртүрлілікті сақтап қалу ғана емес, оны кейінгі ұрпаққа табыстаудың да маңызды екендігін түсінеміз.

ӘДЕБИЕТ

- 1 Уолцер М. О терпимости. – М.: Аспект-Пресс, 1999. –230 с.
- 2 Декларация принципов толерантности (Утв. резолюцией Генеральной конференции ЮНЕСКО) от 16 ноября 1995 года // Уроки мира. Методическое пособие для учителя / Сост. С.С. Бекмамбетова, М.В. Горохова. – Алматы: Конфликтологический центр, 2003. – С. 275-278.
- 3 Чакенов Е. Ассамблея народов Казахстана как фактор воспитания толерантности в межнациональных отношениях // К идеалам мира – через преемственность поколений: Сб. матер.в респ. науч.-практ. конференции. – Алматы, 2006. – С. 127-134.

REFERENCES

- 1 Walzer M. O terpmosti (About tolerance). – М.: Aspekt-Press, 1999. –230 p.
- 2 Deklaratsiya printsipov tolerantnosti (Utv. rezolyutsiyey General'noy konferentsii YUNESKO) ot 16 noyabrya 1995 goda. Uroki mira. Metodicheskoye posobiye dlya uchitelya. (Declaration of the Principles of Tolerance (Approved by the resolution of the UNESCO General Conference) of November 16, 1995. Methodological guide for teachers). Sost. S.S. Bekmambetova, M.V. Gorokhova. – Almaty: Konfliktologicheskiy tsentr, 2003. – P. 275-278.
- 3 Chakenov Ye. Assambleya narodov Kazakhstana kak faktor vospitaniya tolerantnosti v mezhnatsional'nykh otnosheniyakh. K idealam mira – cherez preyemstvennost' pokoleniy: (Assembly of the Peoples of Kazakhstan as a factor of tolerance education in interethnic relations. To the ideals of the world-through the continuity of generations). Sb. mater.v resp. nauch.-prakt. konferentsii. – Almaty, 2006. – P. 127-134.

КАЗАХСТАН ЯВЛЯЕТСЯ ПРИМЕРОМ МЕЖЭТНИЧЕСКОГО СОГЛАСИЯ И СТАБИЛЬНОСТИ И РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Каргаев К.А.¹,

¹старший преподаватель КазУМОиМЯ имени Абылай хана,
Алматы, Казахстан, kargaev.k@mail.ru

Досжанова А.И.²

²старший преподаватель, магистр КазУМОиМЯ имени Абылай хана
Алматы, Казахстан

akmaral.doszhanova@mail.ru

Аннотация. Авторы анализируют место и роль межнационального согласия в развитии страны. Сосредоточен на концепции толерантности. Анализируется роль Казахстана как модели межнационального согласия.

Межнациональные отношения являются ключевым фактором обеспечения устойчивого развития общества и государства. Если мы посмотрим на 30 лет развития Казахстана, провозгласившего свою независимость, то увидим, что в стране не было ксенофобских взглядов.

Ключевые слова: национальные ценности. Рухани жаңғыру. Казахстанский патриотизм. Межэтническое согласие. Толерантность. Межнациональное согласие и стабильность. Исповедь.

KAZAKHSTAN IS AN EXAMPLE OF INTERETHNIC CONSENT AND STABILITY AND ROUHANI ZHANGYRU

Kargayev K.A.¹,

¹senior lecturer Kazakh Ablai Khan KazUIR and WL
Almaty, Kazakhstan, kargaev.k@mail.ru

Doszhanova A.I.²

²MA., senior lecturer Kazakh Ablai Khan KazUIR and WL
Almaty, Kazakhstan, akmaral.doszhanova@mail.ru

Abstract. The authors analyze the place and role of interethnic harmony in the development of the country. Focuses on the concept of tolerance. The role of Kazakhstan as a model of interethnic harmony is analyzed.

Interethnic relations are a key factor in ensuring the sustainable development of society and the state. If we look at the 30 years of development of Kazakhstan, which declared its independence, we see that the country did not have xenophobic views.

Keywords: national values. Rouhani gear. Kazakhstan's patriotism. Interethnic consent. Tolerance. Interethnic harmony and stability. Confession.

Статья поступила 12.12.2020